Маңғыстау облысы Білім басқармасының
Бейнеу аудандық білім бөлімі
«Бөбек» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

КОНСУЛЬТАТИВТІ ПУНКТ

«Көңілді музыка әуені»

ән-саз жетекшісінен кеңес



Дайындаған: ән-саз жетекшісі Ақмурзаева Ә.С

2024 – 2025 оқу жылы

Көңілді музыка әуені

Балаларға арналған көңілді әндер әрбір баланың күнін ерекше қуаныш пен шаттыққа толтырады. Олар тек көңілді көтеріп қана қоймай, сонымен қатар балалардың шығармашылық қабілетін, тілдік және музыкалық дағдыларын дамытады. Балаларда музыкалық қабілет туа бітті болатын балаларда болады. Көбіне дыбысқа еліктеу, аздап қызығушылық танытатын балаларда кездеседі. Екі жағдайда да уақытылы баламен жұмыс жүргізілсе, баланың қабілеті ашылады. Ол бала музыкант немесе өнер адамы болуы мақсатында емес, кез-келген шығармашылыққа, жаңаға ашық болуы үшін міндетті түрде баланың талантын ашуымыз қажет. Қазіргі кезеңде баланы тұлға ретінде қалыптастыру, оның бойына ұлттық әдеп-ғұрып пен салт-дәстүр құндылықтарын сіңіру, имандылыққа тәрбиелеу бүкіл халықтық іске айналып, жұртшылық назарын аударуда.

Балаларда сәбилік шағынан музыканы тыңдау, оны түсіну, есте сақтау, ажырата білу, ән салу, би билеу,сазгерлерді, аспаптарды тану қабілеттері бірте-бірте қалыптасады. Ал, балабақшаға қамтылған баланың бойына қысқа мерзім ішінде аталған білім дағдыларын қалыптастыру – музыка жетекшісінің алдына қойылған ауқымды да жауапты іс. Балабақшада музыкалық тәрбие жұмысын ұйымдастырудың түрлері: ән сабағы, баланың жеке музыкамен шұғылдануы, баланың күнделікті өмірдегі музыканың орны, мерекелік ертеңгіліктер т.б. Балаға музыкалық тәрбие берудегі мақсатымыз бен міндетіміз- музыкаға қалыпты қызығушылығын, әртүрлі музыкаға эмоциялық сезгіштігін қалыптастыру және дамыту, би билеу және ән салу дағдыларына үйрету. Музыкалық қабылдауын, таныс шығармаларды әуенінен тану және есте сақтауын дамыту. Музыкалық танымын кеңейту- машығын дамытуға жағдай жасап, музыкалық әрекеттің барлық түрі бойынша белсенділікті дамыту. Күй арқылы ырғақты сезініп ойнау- балалардың музыкалық ырғақтық сезімін дамытуға арналған тиімді тәсілдердің бірі. Күйді тыңдау кезінде балалар ырғақты қозғалыстар жасай алады немесе аспаптармен сүйемелдеуге тырыса алады. Бұл оларға қазақтың ұлттық музыкасы арқылы ырғақ пен құрылымды түсінуге мүмкіндік береді.

Музыкалық-дидактикалық ойындарды ойнау, балалардың музыкаға қызығушылығын арттырады және музыкалық іс-әрекет түрлерін тез, әрі дұрыс үйренуге көмектеседі. Музыкалық оқу іс-әрекеттерінде музыкалық-дидактикалық ойындарды жүйелі түрде пайдалану музыканы сипатына, көңіл-күйіне, динамикалық реңкіне қарай ажыратуды үйретеді.

*Сапарова Тәттігүл атты ата-анаға "**Көңілді музыка әуені**" тақырыбында кеңес берілді.*